

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ 2012 жылдың алғашқы үш айындағы қаржылық нәтижелері

Астана, 15 мамыр 2012 жыл. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2012 жылдың 31 наурызында аяқталған мерзімге арналған аралық қысқартылған топтастырылған қаржылық есепті жариялайды.

- Мұнай бағасының айтарлықтай өсуіне және ішкі нарыққа жеткізілетін өнім құнының артуына байланысты, экспортқа шығарылатын көлемнің төмендеуімен ішінара өтелген 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сатудан түскен кіріс 8%-ға артып, 207 млрд. теңгені құрады (1 396 млн. АҚШ доллары)<sup>1</sup>.
- Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 12%-ға қымбаттап, баррельіне 119 АҚШ долларына жетті.
- Таза пайда 75 млрд. теңгені (508 млн. АҚШ доллары), бір акцияға шаққандағы пайда 1 070 теңгені (бір ЖДҚ үшін 1,2 АҚШ доллары) құрады, осылайша 2011 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 27% және 32% артты.

### Өндірістік көрсеткіштер

2012 жылдың алғашқы үш айында ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Қазгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерін есептегенде, 3 029 мың тонна (тәулігіне 249 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5%-ға аз.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан былай «ӨМГ») 1 236 мың тонна (тәулігіне 101 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 177 мың тоннаға кем. «Ембимұнайгаз» (бұдан былай – «ЕМГ») 675 мың тонна (тәулігіне 55 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6 мың тоннаға кем. Нәтижесінде, ӨМГ мен ЕМГ жалпы өндіру көлемі 1 911 мың тоннаны (тәулігіне 156 мың баррель) құрады, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9% кем. 2012 жылдың 1 тоқсанында жоспар 150 мың тоннаға (шамамен 7%) орындалған жоқ, бұл көбінесе ауа-райының қолайсыздығына байланысты болды. Бірінші тоқсанның нәтижелерін ескере отырып, ӨМГ-ға белгіленген 5,8 млн. тонна көлеміндегі жылдық өндіріс жоспарын орындау қиынға соғатыны айқындалады. Компанияның пайымдауынша, өндіріс біртіндеп қалпына келеді. Жыл ортасында екінші тоқсанның нәтижелеріне байланысты, Компания 2012 жылға арналған өндіріс жоспарын растайды немесе өзгерістер енгізеді.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндірісіндегі үлесі 2012 жылдың алғашқы үш айында 1 119 мың тонна (тәулігіне 93 мың баррель) болды, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4%-ға артық.

### Мұнайды сату

<sup>1</sup> Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2012 жылы бірінші тоқсаны 148,14 теңге/ АҚШ долл., 2011 жылы бірінші тоқсанында 146,42 теңге/АҚШ долл., кезең соңында бағам: 2012 жылы бірінші тоқсаны 147,77 теңге/АҚШ долл., 2011 жылы бірінші тоқсаны 145,70 теңге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

2012 жылдың алғашқы үш айында ӨМГ және ЕМГ мұнай сатылымының экспорттық көлемі 1 496 мың тоннаны (тәулігіне 122 мың баррель) құрады, ішкі нарыққа 457 мың тонна (тәулігіне 37 мың баррель) жөнелтілді.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының мұнай сатылымындағы үлесі 1 105 мың тоннаны (тәулігіне 93 мың баррель) құрады, оның 755 мың тоннасы (тәулігіне 64 мың баррель) экспортқа жіберілді.

### **Көрсетілген мерзімдегі таза пайда**

2012 жылдың алғашқы үш айында таза пайда 75 млрд. теңгені (508 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27% артық. Бұған себеп – мұнай бағасының қымбаттауы, Үкіметпен арадағы 2012 жылға арналған келісім бойынша ішкі нарықтағы бағаның өсуі, сату шығындары мен әкімшілік шығындардың кемуі, бұл экспорт көлемдерінің төмендеуімен ішінара өтелді.

### **Ақша түсімі**

2012 жылдың алғашқы үш айында қаржы түсімі 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8%-ға артып, 207 млрд. теңгені (1 396 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл өсім мұнай бағасының 14%-ға қымбаттап, бір тонна мұнай бағасының 104 302 теңгеге (бір баррельге 97,39 АҚШ доллары ) жетуіне байланысты. Осылайша, экспорт көлемінің азаюы ішінара теңгерілді.

### **Кіріс салығынан басқа салықтар**

Кіріс салығынан басқа салықтар 2012 жылдың алғашқы үш айында 75 млрд. теңгені (508 млн. АҚШ доллары) құрады, 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл 4%-ға артық. Бұл өсім өндіріс пен экспорт көлемінің азаюын ішінара теңгерген мұнай бағасының қымбаттауына қатысты операциялық салықтардың прогрессивті шкаласына байланысты.

### **Өндірістік шығындар**

2012 жылдың алғашқы үш айында өндірістік шығындар былтырғымен салыстырғанда 4%-ға өсіп, 31 млрд. теңгені құрады (209 млн. АҚШ доллары). Бұл өсімнің басым бөлігі жылдық индексикацияға байланысты 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметкерлерге төлемдердің артуына байланысты, шығындар жөндеу жұмыстарының азаюымен ішінара теңгеріледі.

### **Сату шығындары және әкімшілік шығындар**

2012 жылдың алғашқы үш айында сату шығындары және әкімшілік шығындар 20 млрд. теңгені (136 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21%-ға төмен. Бұл айыппұлдар мен өсімпұлдардың азаюына, ҰК басқару гонорарлар шығынының азаюына, сонымен қатар тасымалданатын мұнай көлемінің азаюына қатысты мұнай тасымалдау шығындарының азаюына байланысты.

### **Операциялық қызметтен ақша ағындары**

Операциялық қызметтен ақша ағындары 2012 жылдың алғашқы үш айында 68 млрд. теңге (457 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 46 пайызға артық. Бұл өсім мұнай бағасының қымбаттауына байланысты болды.

### **Күрделі салымдар**

2012 жылдың алғашқы үш айында күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу) 12 млрд. теңгені (82 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден 33 %-ға кем.

### **Ақша қаражаттары және займдар**

2012 жылдың 31-наурызында ақша қаражаттары мен олардың баламаларының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 207 млрд. теңгемен (1,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 213 млрд. теңге (1,4 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 31 наурызындағы басқа да қаржы активтерінің сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 511 млрд. теңгемен (3,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 555 млрд. теңге (3,8 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы құралдарын қамтиды. 2012 жылдың 31-наурызындағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигациялар сомасы 190 млрд. теңге (1,3 млрд. АҚШ доллары) құрайды.

2012 жылдың 31-наурызындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) 78 %-ы шетел валютасында, ал 22 %-ы теңгеде қайта номинацияланды. Ақша қаражаттары мен қаржы активтері бойынша есептелген қаржылық кіріс 2012 жылдың алғашқы үш айында 5,6 млрд. теңге (38 млн. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 31 наурызы күнгі Компания займдарының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдаймен салыстырғанда, өзгеріссіз қалды және 88 млрд. теңгемен (596 млн. АҚШ доллары) құрайды. Займдар сомасы ПҚИ-дағы үлестің 33 %-ын сатып алу үшін ҚМГ ПҚИ Қаржы компаниясынан кері қайтарып алу құқығынсыз алынған 80 млрд. теңге (543 млн. АҚШ долларын) қамтиды.

Таза ақша қаражаттарының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 629 млрд. теңгеге (4,2 млрд. АҚШ доллары) қарағанда, 2012 жылдың 31 наурызында 680 млрд. теңге (4,6 млрд. АҚШ доллары) құрады.

### **Стратегиялық сатып алулардың үлесі**

2012 жылдың алғашқы үш айында қауымдасқан компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2011 жылдың сәйкес кезеңінде алынған 22 млрд. теңгемен (148 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 26 млрд. теңгені (174 млн. АҚШ доллары) құрады. Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың 2012 жылдың алғашқы үш айындағы нәтижелеріне негізінен мұнай бағасының қымбат болуы әсер етті.

### **Қазгермұнай**

2012 жылдың бірінші тоқсанында ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 13 млрд. теңге (87 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған

сома 2,0 млрд. теңге (13 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігін және 0,2 млрд. теңге (1,5 млн. АҚШ доллары) сомасына бөлінген кейінге шегерілген табыс салығы амортизациясы сомасын алып тастағанда, Қазгермұнайдың 15 млрд. теңге (99 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 50 % үлесін білдіреді.

2012 жылдың алғашқы үш айында ҚГМ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20 пайызға артты, бұл негізінен, мұнай бағасының өсуіне байланысты болды.

### **ПетроҚазақстан Инк.**

2012 жылдың бірінші тоқсанында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 13 млрд. теңге (88 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 3 млрд. теңге (21 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнының сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігі сомасын алып тастағанда, ПҚИ-дің 16 млрд. теңге (109 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 33 % үлесін білдіреді.

2012 жылдың алғашқы үш айында ПҚИ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға артты, бұл негізінен, мұнай бағасының өсуіне байланысты болды.

### **CCEL**

Компания 2012 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша өзінің балансында 20 млрд. теңгені (136 млн. АҚШ долларын) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2012 жылдың бірінші тоқсанында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 0,7 млрд. теңге (5 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

\*\*\*

2012 жылдың 31-наурызында аяқталған үш ай үшін қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есеп, сондай-ақ қаржылық жағдайдың талдауы мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның Интернет-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) жарияланатын болады.

## ҚОСЫМША<sup>2</sup>

### Жиынтық кіріс туралы топтастырылған қысқартылған есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгемен

	31 наурызға аяқталған үш айға	
	2012	2011
Кірістер	206.853	191.524
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	25.747	21.690
Қаржылық кіріс	5.562	7.664
<b>Түсім мен басқа кірістердің жиыны</b>	<b>238.162</b>	<b>220.878</b>
Өндірістік шығындары	(30.952)	(29.662)
Сату және әкімшілік шығындары	(20.139)	(25.384)
Барлау шығындары	(1.298)	(49)
Ескіру, тозу және амортизация	(12.570)	(10.773)
Табыс салығынан басқа салықтар	(75.181)	(72.536)
Негізгі құралдарды шығарудан түскен шығындар	(152)	(615)
Қаржыландыру шығындары	(1.503)	(1.710)
Бағамдық айырмашылық кірістері /(шығыстары)	(2.518)	(7.059)
<b>Салық салғанға дейінгі табыс</b>	<b>93.849</b>	<b>73.090</b>
Табыс салығы шығындары	(18.631)	(14.062)
<b>Кезеңдегі пайда</b>	<b>75.218</b>	<b>59.028</b>
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	(585)	(1.611)
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/(шығыстар)</b>	<b>(585)</b>	<b>(1.611)</b>
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістердің жиыны</b>	<b>74.633</b>	<b>57.417</b>
<b>БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА – МЫҢ ТЕҢГЕ</b>		
Базалық және молайтылған	1,07	0,81

<sup>2</sup> Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін.

## Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық топтастырылған есеп

миллион теңгеде

	31 наурыз 2012 жыл (тексерілмеген)	31 желтоқсан 2011 жыл (тексерілген)
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	341.452	338.860
Материалдық емес активтер	23.092	26.638
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	128.899	116.526
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	145.820	133.228
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	17.898	18.138
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	8.957	8.494
Басқа да қаржылық активтер	187.831	188.803
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	10.065	9.450
Басқа активтер	17.834	19.593
<b>Ұзақмерзімді активтер жиыны</b>	<b>881.848</b>	<b>859.730</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	20.477	22.651
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу	4.423	9.971
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	17.899	22.738
Алдағы кезеңдердің шығындары	14.090	12.054
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	100.453	84.126
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	2.228	1.361
Басқа да қаржылық активтер	367.108	321.890
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	213.032	206.512
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>739.710</b>	<b>681.303</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.621.558</b>	<b>1.541.033</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	192.194	198.452
Басқа резервтер	2.213	2.124
Бөлінбеген пайда	1.158.967	1.083.749
Басқа капитал құрамы	13.769	14.354
<b>Капитал жиыны</b>	<b>1.367.143</b>	<b>1.298.679</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>		
Займдар	32.838	33.034
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	1.721	2.049
Резервтер	38.487	37.846
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>73.046</b>	<b>72.929</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Займдар	55.169	54.931
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	60.444	50.908
Сауда және кредиторлық қарыз	50.530	48.680
Резервтер	15.226	14.906
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>181.369</b>	<b>169.425</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>254.415</b>	<b>242.354</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>	<b>1.621.558</b>	<b>1.541.033</b>

## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы қысқартылған аралық жиынтық есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгемен

	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2012	2011
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары</b>		
Табыс салығына дейінгі пайда	93.849	73.090
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	12.570	10.773
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(25.747)	(21.690)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	152	615
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	56	17
Нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары	1.207	–
Опциондық бағдарлама бойынша шығыстарды тану	89	100
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	1.546	5.082
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	688	2.041
Қаржыландыруға плюс шығыстар	1.503	1.710
Инвестициялық қызметке жататын минус қаржылық кірістер	(5.562)	(7.664)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа активтердегі өзгерістер	68	4.973
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	2.320	(141)
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	5.612	7.218
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	(2.035)	(4.157)
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(16.241)	(31.335)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	1.570	990
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	9.536	15.996
Резервтердегі өзгерістер	320	407
Төленген табыс салығы	(13.858)	(11.637)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>67.643</b>	<b>46.388</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(11.995)	(17.845)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	699	407
Материалдық емес активтерді сатып алу	(215)	(271)
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(341)	–
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату	(42.624)	(8.324)
Еншілес кәсіпорындарды сатып алуға алынған шегерілген төлем	–	(416)
Алынған сыйақылар	1.284	1.823
<b>Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(53.192)</b>	<b>(24.626)</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(6.604)	(4.568)
Займдарды өтеу	(529)	(278)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(644)	(53)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(7.777)</b>	<b>(4.899)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	6.674	16.863
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	206.512	98.520
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша он/(теріс)бағамдық айырмашылық	(154)	(3)
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>213.032</b>	<b>115.380</b>

Төменде 2012 және 2011 жылдың 31 наурызынжа аяқталған, көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

2012 жыл, (АҚШ доллары/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі нарық
Жарияланатын нарықтық баға <sup>3</sup>	118.60	118.60	-
Сату бағасы	115.22	116.53	33.90
Сапа банкі	-	(8.03)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0.37	9.57	-
<b>Сатылған баға<sup>4</sup></b>	<b>115.59</b>	<b>118.07</b>	<b>33.90</b>
Ренталық салық	26.09	26.09	-
Экспорттық кедендік салық	5.52	5.08	-
Көліктік шығындар	7.78	7.21	1.08
Сату бойынша комиссия	0.07	0.07	-
<b>Нетбэк</b>	<b>76.13</b>	<b>79.62</b>	<b>32.83</b>

2011 жыл, (АҚШ доллары/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі нарық
Жарияланатын нарықтық баға <sup>3</sup>	105.43	105.43	-
Сату бағасы	98.62	104.32	26.73
Сапа банкі	-	(8.62)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0.09)	8.76	-
<b>Сатылған баға<sup>4</sup></b>	<b>98.53</b>	<b>104.46</b>	<b>26.73</b>
Ренталық салық	22.87	22.88	-
Экспорттық кедендік салық	4.41	4.41	-
Көліктік шығындар	7.59	7.83	2.02
Сату бойынша комиссия	0.07	0.07	-
<b>Нетбэк</b>	<b>63.59</b>	<b>69.27</b>	<b>24.71</b>

Анықтамалық ақпарат	1 тоқсан 2012	1 тоқсан 2011
Кезеңге орташа бағам US\$/ KZT	148,13	146,42
Кезең соңындағы US\$/KZT бағамы	147,77	145,70
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПҚИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

<sup>3</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды

<sup>4</sup> Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

## АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2011 жылы 12,3 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде және 2011 жылдың қыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

### **Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 78 87)

Бақдәулет Төлеген

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: [edobson@pelhambellpottinger.co.uk](mailto:edobson@pelhambellpottinger.co.uk)

### **Болашаққа қатысты мәлімдеме**

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*